

*Академияның Ғылыми Кеңесінің  
2025 жылғы 28 наурыздағы  
шешімімен бекітілген  
№12 хаттама*

**«7М04122 – Өңірлік даму»  
магистратура білім беру бағдарламасы**

**1. Бағдарламаның атауы:** «7М04122 – Өңірлік даму» магистратура білім беру бағдарламасы («7М041 – Бизнес және басқару» даярлау бағыты).

**2. Оқу мерзімі:** 1 жыл

**3. Барлық кредиттер (ECTS):** 64

**4. Бағдарламаның сипаттамасы:**

Білім беру бағдарламасы елдің мемлекеттік аппаратының алдына қойылған міндеттерді ескере отырып әзірленді және мемлекеттік қызметшілердің бойында Қазақстан өңірлерінің тұрақты теңгерімді дамуын қамтамасыз ету бойынша құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

**5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:**

*Мақсаты:* әлеуметтік-экономикалық диспропорцияларды еңсеру және өңірлердің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін тиімді басқару шешімдерін әзірлеуге қабілетті кәсіби мамандарды даярлау.

*Бағдарламаның міндеттері:*

- өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық процестерді болжау және бағалау бойынша дағдыларды дамыту;
- өңірлердің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің тиімді басқару шешімдерін әзірлеу бойынша дағдыларды қалыптастыру;
- халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру үшін аумақтардың теңгерімді дамуын қамтамасыз ету бойынша құзыреттерді дамыту.

**6. Бағдарламаның артықшылықтары:**

- оқытудағы пәнаралық, жеке және құзыреттілік тәсіл, интерактивті оқыту әдістерін қолдана отырып, нақты жағдайларды шешу арқылы оқытудың практикаға және нәтижеге бағдарлануы;
- өңірді дамытудың өзекті мәселелерін шешуге бағытталған магистрлік жобаны орындау;
- мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде оқыту;
- мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардың шақырылған дәріскерлері мен сарапшыларын, жетекші лектор-практиктерді тарту;
- кәсіби және сараптамалық нетворкингті дамыту, әртүрлі министрліктер мен ведомстволардың мемлекеттік қызметшілерімен өзара қарым-қатынас жасау, өзара оқыту.

**7. Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

- мемлекеттік басқару құралдарын ел және өңір деңгейінде қолданады;
- негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің болжамын жасайды және өңірдің инновациялық және инвестициялық жобалары мен бағдарламаларының тиімділігін басқарады;
- қойылған мақсатқа жету үшін командалық стратегияны әзірлей отырып, команданың жұмысын ұйымдастырады және басқарады;
- сараптамалық-талдамалық қызметті және өңірлік саясатты іске асыру саласында зерттеулер жүргізу кезінде ауызша және жазбаша коммуникация құралдарын қолданады;
- жергілікті атқарушы органдарда бизнес-процестерді құрылымдайды және оңтайландырады;
- өңірдің тұрақты дамуына қол жеткізу мақсатында тиімді басқарушылық шешімдер қабылдау үшін үлкен деректерді талдайды және қолданады;
- тұрақты даму контекстінде қала мен ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын арттыру бойынша тиімді басқарушылық шешімдерді негіздейді және қабылдайды;
- өңір экономикасын дамыту үшін фискалдық, бюджеттік-кредиттік және басқа да қаржы құралдарын талдайды және қолданады.

**8. Бағдарламаның құрылымы және академиялық мазмұны:**

| Семестр                                                           | Пәннің атауы                                                          | БП/<br>ПП | ЖООК/<br>ТК | ECTS      |
|-------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------|-----------|-------------|-----------|
| <b>1</b>                                                          | Мемлекеттік басқару                                                   | БП        | ЖООК        | 2         |
|                                                                   | Кәсіби ағылшын тілі                                                   | БП        | ЖООК        | 2         |
|                                                                   | Тиімді коммуникациялар және көшбасшылық                               | БП        | ЖООК        | 2         |
|                                                                   | Зерттеу әдістері мен дизайны                                          | ПП        | ЖООК        | 3         |
|                                                                   | Ресми жазылым және дискурс                                            | ПП        | ЖООК        | 2         |
|                                                                   | Өңірлік экономика және кеңістіктік даму                               | ПП        | ЖООК        | 4         |
|                                                                   | Стратегиялық жоспарлау және болжау                                    | ПП        | ЖООК        | 4         |
|                                                                   | <i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>                                  |           |             | 19        |
|                                                                   | <i>Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)</i> |           |             | 11        |
|                                                                   | <b>1-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ</b>                                      |           |             | <b>30</b> |
| <b>2</b>                                                          | Өңірді басқарудың қаржылық құралдары                                  | ПП        | ЖООК        | 3         |
|                                                                   | Өңірлік инвестициялық саясат                                          | ПП        | ЖООК        | 3         |
|                                                                   | Ауылдық аумақтарды дамыту                                             | ПП        | ЖООК        | 3         |
|                                                                   | Қаланы басқару                                                        | ПП        | ЖООК        | 3         |
|                                                                   | Аумақтар маркетингі                                                   | ПП        | ЖООК        | 3         |
|                                                                   | <b>Тандау компоненті</b>                                              | БП        | ТК          | 6         |
|                                                                   | <i>Өндірістік тәжірибе</i>                                            |           |             | 2         |
|                                                                   | <i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>                                  |           |             | 23        |
|                                                                   | <i>Тағылымдама</i>                                                    |           |             | 2         |
|                                                                   | <i>МЭЗЖ</i>                                                           |           |             | 1         |
|                                                                   | <i>Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)</i> |           |             | 8         |
|                                                                   | <b>2-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ</b>                                      |           |             | <b>34</b> |
| <b>Теориялық оқыту бойынша барлығы + тәжірибе</b>                 |                                                                       |           |             | <b>42</b> |
| <b>Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны жазу және қорғау)</b> |                                                                       |           |             | <b>8</b>  |
| <b>МЭЗЖ + тағылымдама</b>                                         |                                                                       |           |             | <b>14</b> |
| <b>ИГЕРУГЕ МІНДЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ</b>                      |                                                                       |           |             | <b>64</b> |